

Инвестициялар



Талқылау үшін

Қаржы соның ішінде инвестициялар әдеттегідей ұлттық экономиканың және инвестициялық қызметтің дамуына жүйелік қалыптастырушы шарты ретінде айқын көрінеді.

Алайда, кейбір сарапшылар кез келеген мемлекеттің инвестициялық ахуалы арнайы халықаралық ортадан, кәсіпорындар арасындағы қатынастардан тәуелді деп есептейді.

Сіздің пікірлеріңіз қандай?



Инвестициялардың экономикалық мәні

Экономикалық әдебиетте «Инвестиция» терминін анықтауға әртүрлі көзқарас қалыптасқан. Атап айтқанда, **өндірістік қызметтің нәтижесінде капитал мүлік құндылығының ағымдағы өсімі** немесе қажеттілікті алуға жұмсамай қалған кіріс бөлігі, немесе **капиталдың сақталуын** немесе **оның құнының еселене өсуін** қамтамасыз ететін немесе **кірістің, оң өсімін әкелетін капиталды орналастыру тәсілі.**

Әдеттегідей, «капитал салу» және «Инвестиция» ұғымдары назарды инвестициялаудың негізгі мақсаты - кіріс немесе пайда табуға бұрады.



Талқылау үшін

**Қазақстан Республикасының аумағында
инвестициялық қызметті қандай
нормативтік құжат реттейді?
Ол қандай негізгі ұғымдарды
анықтайды?**



Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі

- **274-бап. Инвестициялар, инвестор, ірі инвестор және инвестициялық қызмет ұғымдары**
- 1. Лизинг шартын жасасқан кезден бастап қаржы лизингі нысанасын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) **инвестициялар болып табылады.**
- 2. **Инвестор деп** Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар түсініледі.
- 3. Жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі **инвестициялық қызмет** деп танылады.
- 4. **Ірі инвестор деп** Қазақстан Республикасында айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға түсініледі.



«Халықтың көші-қоны туралы» Заңы

- Бизнес-көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының аумағында болу және олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттары
- 1. Бизнес-көшіп келушілердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының аумағында болуының міндетті шарты болып табылады.
- **2. Бизнес-көшіп келуші Қазақстан Республикасының аумағына келген күнінен бастап екі ай мерзім ішінде:**
- 1) Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асырушы коммерциялық ұйымдар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамына енуге;
- 2) заңды тұлғаны тіркеу кезінде оның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен мөлшерден кем емес ақша сомасын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне енгізуге міндетті.
- Бизнес-көшіп келушілер осы бапта белгіленген міндеттерді орындамаған жағдайда ішкі істер органдары жергілікті атқарушы органдардың қолдауы негізінде бизнес-көшіп келушілердің болу мерзімін олардың ерікті түрде кетуіне қажетті мерзімге қысқарту туралы шешім қабылдайды.
- Бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады.
- 3. Бизнес-көшіп келушінің Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үшін жабдықтар әкелуі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.
- 4. Бизнес-көшіп келушілер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруына ашық аумақтары бойынша еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жерін таңдай алады.

Тапсырма

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 23-бабының 3-тармағына сәйкес Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің **жарғылық капиталына салым** ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік (Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылатын, жарғылық капиталы тек қана ақшамен қалыптастырылатын арнайы қаржы компанияларын, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылатын арнайы исламдық қаржы компанияларын, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды, қоспағанда) болуы мүмкін.

«Кино» ЖШС-нің қатысушысы К. Марков серіктестіктің құрамынан шығып, өзінің үлесі ретінде осы ЖШС жарғылық капиталына бұрын өзі салған сандық бейнекамераны қайтаруды талап етіп отыр.

Алайда, ЖШС К. Марковтың үлесін ақшамен ғана төлеуге дайын.

Сұрақтар:

1. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде енгізілген бейнекамераның иесі кім?
 2. К. Марковтың талаптары заңды ма?
 3. Дауды қарастырыңыз.
-



Талқылау үшін

Инвестициялар ұзақ мерзімді күрделі салымдар түрінде (капиталға инвестициялар) қаржы ресурстарын толтыру үшін пайдаланылады.

«Стандарт» АҚ-да инвестициялық қызмет туралы мәселені қарастыру барысында инвестициялардың тәуекелге (венчурлық) және басқа да түрлеріне назар аударылды.

Сіздің ойыңызша, басқа инвестициялар дегеніміз не?



Инвестициялардың белгілері

- **Идея**
- **Материалдық салым**
- **Белгілі мерзімдік**
- **Мақсаттылық**
- **Тәуекелділік**
- **Пайда беру мүмкіндігі**



Инвестициялардың түрлері

1. Инвестициялық қызметтің объектілері бойынша:

- Нақты;
- Қаржы;
- Еңбек ресурстарына инвестициялар

2. Инвестициялық қызмет субъектілері бойынша:

- Жеке;
 - Мемлекеттік;
 - Аралас инвестициялар
-



Тапсырма

«Қарлығаш» өндірістік кооперативінің атқарушы органы жаңа сақтау қоймасын салу туралы шешім қабылдады. Кооперативте мамандандырылған құрылыс бөлімі болмағандықтан, осы сақтау қоймасын салатын инвестор – ұйым табу үшін тиісті жарнама берілген болатын.

Көрші кооперативтің қызметкері Кузембаев осы тапсырысты келісімшарт негізінде орындауға дайын адамдардан жай серіктестік түріндегі құрылыс бригадасын ұйымдастырды. Серіктестер басшы ретінде Кузембаевты сайлап, оған «Қарлығаш» кооперативінің басшылығымен келісім жасасуға келіссөздер жүргізуді тапсырды.

- 1. Құрылыс жұмыстары инвестициялар ретінде бола алама?**
 - 2. Инвесторға қойылатын талаптар қандай?**
 - 3. Кооператив пен жай серіктестік арасындағы келісім шарттық қатынастарды қалай ресімдеуге болады?**
-



Талқылау үшін


Инвестициялық құқықтық қатынастарға қандай түсінік беруге болады?

Оның негізгі белгілерін атаңыз?



Құқықтық қатынастардың белгілері

Заң әдебиетінде құқықтық қатынастардың мынадай сыпатты белгілері бөлінеді:

- 1) құқықтық қатынас құқықтық нысанға айналдырылған қоғамдық қатынастардың бір түрі;**
 - 2) құқықтық қатынас құқықтық нормалар негізінде қалыптасады;**
 - 3) құқықтық қатынастардың субъектілері анықталған;**
 - 4) құқықтық қатынас қатысушылары қашан да болсын субъективтік құқықтарды пайдаланады және заңды міндеттерге жауапты;**
 - 5) құқықтық қатынас саналы- ерікті сыпат алады;**
 - 6) құқықтық қатынастарды мемлекет қорғайды (қажет жағдайларда күшпен қамтамасыз етіледі).**
-
- 

Инвестициялық құқықтық қатынастардың белгілері

1. инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде толып жатқан қоғамдық қатынастар, ең алдымен, мүліктік сыпаттағы қатынастар пайда болады, олардың заңды нысанға айналғандары инвестициялық құқықтық қатынастар болып танылады.
 2. инвестициялық қатынастар құқықтық нормалар негізінде қалыптасады, құқықтық қатынастар болып табылады, бұған келісімшарт негізінде пайда болған құқықтық қатынастарды да қосуға болады, өйткені заң құқықтық қатынастар субъектілеріне келісім шарттар жасауға, оларда заңда тура көрсетілмеген және тыйым салынбаған құқықтар мен міндеттерді анықтауға мүмкіндік береді.
 3. инвестициялық құқықтық қатынастарда субъектілер нақты анықталады (инвесторлар және инвестициялаушылар).
 4. инвестициялық құқықтық қарым-қатынас тараптары өзара (корреспонденттік) құқықтар мен міндеттер алады.
 5. жекеленген индивидтің еркінен тыс және объективті түрде қалыптасатын экономикалық қатынастардан өзгешелігі сол - инвестициялық қатынастар әрдайым саналы-ерікті сыпат алады, өйткені инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілер құқық нормаларымен белгілеген өздерінің құқықтары мен міндеттерін еркін және саналы әрекеттер арқылы жүзеге асырады.
 6. мемлекет құқықтық нормаларды толық жүзеге асыруға қажетті жағдайларды жасайды, әдеттегідей, субъективті құқықтар, көп жағдайда заңды міндеттер де мемлекеттің күштеуінсіз атқарылады. Бірақ қажет бола қалған жағдайда, мұндай шаралар қолданылады да (мысалы, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда).
-



Инвестициялық құқықтық қатынастардың түсінігі

- **Инвестициялық құқықтық қатынас** - инвестордың кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне кіріс (пайда) алу және (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жетісу үшін материалдық және материалдық емес игіліктерге байланысты туған құқықтық қатынас.
 - **Инвестициялық құқықтық қатынастардың құрылымын** инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілер, объектілері және олардың мазмұны (субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер) құрайды.
 - **Инвестициялық құқықтық қатынастың мазмұны** құқықтық қатынастағы субъектілердің (қатысушылардың) субъективтік құқықтары мен заңды міндеттерінің жиынтығын құрайды.
-



Инвестициялық құқықтық қатынастардың түрлері

1. Құқықтық қатынастардың оған қатысушы тараптардың саны мен олардың арасындағы құқықтар мен міндеттердің бөліну сипаты бойынша **біржақты және екі жақты (көп тарапты)**;
 2. Құқықтық қатынастар мазмұн сыпатына **қарай реттеушілік және қорғанымдылық**;
 3. **Инвестициялық объектінің жасау жөніндегі қатынастар және оның заңды тағдырын анықтау** (меншікке, оперативтік басқаруға, шаруашылық жүргізуге немесе уақытша пайдалануға) беру жөніндегі қатынастар;
 4. **Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді** (мерзіммен шектелмеген) **инвестициялық қатынастарға**.
-



Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері

- **Инвестициялық құқықтық қатынастың субъектісі** құқықтық субъектілігі бар тұлға бола алады, басқаша айтқанда, субъективтің құқықтар мен заңдық міндеттерді алып жүре алатын тұлға (жеке және заңды тұлға, мемлекет, халықаралық ұйым).
 - **Инвестициялық құқықтық қатынас объектісі** - қатысушылардың (субъектілердің) құқықтары мен міндеттері пайдалану немесе қорғауға бағытталған нақты игілік.
 - Инвестициялық қатынастарды жүзеге асыру мақсаты **кіріс алуға бағытталған және оң әлеуметтік тиімділікке жетуге бағытталған** инвестициялар.
-



Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі

- **274-бап. Инвестициялар, инвестор, ірі инвестор және инвестициялық қызмет ұғымдары**
 - 1. Лизинг шартын жасасқан кезден бастап қаржы лизингі нысанасын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) **инвестициялар болып табылады.**
 - 2. **Инвестор деп** Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар түсініледі.
 - 3. Жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі **инвестициялық қызмет** деп танылады.
 - 4. **Ірі инвестор деп** Қазақстан Республикасында айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға түсініледі.
-



Тапсырма

«Армада» акционерлік қоғамы 2017 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасында құрылған болатын. АҚ Жарғысына сәйкес оның барлық акциялары мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап бір ай ішінде толық көлемде қолма-қол ақшамен төленуі тиіс. Барлық құрылтайшылар, шетел азаматы Джереми Джонсты қоспағанда, белгіленген мерзімде өз үлестерін төледі. Джонс мырза акцияларды төлеуді кешіктірді, өйткені ол тиісті визаны әлі де алмағанын көрсетті. Виза алған соң тиісті төлемдерді өзі төлеймін деп уәде беріп отыр.

Осы мәселені қарастырыңыз.



«Халықтың көші-қоны туралы» Заңы

- Бизнес-көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының аумағында болу және олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттары
- 1. Бизнес-көшіп келушілердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының аумағында болуының міндетті шарты болып табылады.
- **2. Бизнес-көшіп келуші Қазақстан Республикасының аумағына келген күнінен бастап екі ай мерзім ішінде:**
- 1) Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асырушы коммерциялық ұйымдар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамына енуге;
- 2) заңды тұлғаны тіркеу кезінде оның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен мөлшерден кем емес ақша сомасын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне енгізуге міндетті.
- Бизнес-көшіп келушілер осы бапта белгіленген міндеттерді орындамаған жағдайда ішкі істер органдары жергілікті атқарушы органдардың қолдауы негізінде бизнес-көшіп келушілердің болу мерзімін олардың ерікті түрде кетуіне қажетті мерзімге қысқарту туралы шешім қабылдайды.
- **Бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады.**
- 3. Бизнес-көшіп келушінің Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үшін жабдықтар әкелуі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.
- 4. Бизнес-көшіп келушілер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруына ашық аумақтары бойынша еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жерін таңдай алады.